

Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 790 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 714 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.2016 № 714 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 423 бұйрығын қараңыз.

«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 27) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 4

ш і л д е д е г і

№

7 9 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан

Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу тәртібі мен ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағида Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарымен тіркеп сүйреген кезде барлық кемелерге, салдарға және өзге де жүзу объектілеріне олардың тиесілілігіне қарамастан қолданылады.

3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тіркеп сүйреу – бірге қосылған және өздігінен жүретін арнайы кеменің көмегімен қозғалу үшін бір немесе бірнеше жүзу объектілерін тасымалдау;

2) тіркеп сүйретілетін объект – тіркеп сүйреуге ұсынылған кеме, сал және өзге де жүзу объектісі;

3) тіркеп сүйреу құрамы – тіркеп сүйрейтін кемені қоса алғанда, өзара қосылған бір немесе бірнеше кеме, сал және өзге де жүзу объектілері;

4) тіркеп сүйрегiш кеме (сүйрегiш) – кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу жөнiндегi жұмыстарды орындайтын өздігінен жүретін к е м е ;

5) тіркеп сүйреуші – кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйрету жөнiндегi қызметтерді ұсынатын кемені меншік құқығында немесе өзге де заңды негiздерде иеленуші тұлға;

6) жөнелтуші – өз атынан немесе тіркеп сүйреу шарты негiзiнде кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін межелі пунктке жеткізу және алушыға тапсыру үшін тіркеп сүйреушіге сеніп тапсыратын адам;

7) алушы – кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін көлік жүккұжаты негiзiнде алуға өкiлеттік берілген адам;

8) сал – суда жүкті тасымалдауға немесе өткізуге арналған жазық тұғыр түрiндегi жүзбелi құрылыс.

Осы Қағидада пайдаланылатын өзге де ұғымдар ішкі су көлігі саласындағы заңнамаларға сәйкес қолданылады.

2. Жүкқұжатты, тасымалдау және өзге де құжаттарды ресiмдеу

4. Тіркеп сүйреуге кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер табылған жағдайда тіркеп сүйреуші мен жөнелтушінің арасында ақаулар мен кемшіліктердің тізбесін, сондай-ақ оларды жою мерзімдері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ішкі су көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасына сәйкес коммерциялық акт жасалады.

5. Тіркеп сүйреуге кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер болмаған немесе олар жойылған кезде еркін нысанда тіркеп сүйретілетін объектінің тіркеп

сүйреуге дайындығы туралы акт жасалады, оның негізінде осы Қағидаға қосымшаға сәйкес көлік жүкқұжаты ресімделеді.

6. Жөнелтуші тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсынумен бір уақытта толтырылған көлік жүкқұжатын ұсынады.

7. Жүкқұжатты жөнелтуші бір алушыға және бір межелі пунктке жіберілетін әрбір ұсынылған тіркеп сүйретілетін объектіге толтырады.

8. Көлік жүкқұжатына енгізілген мәліметтердің өзгерістері мен толықтырулары жөнелтушінің және тіркеп сүйреушінің қолымен расталады.

3. Тіркеп сүйреуді ұйымдастыру

9. Объектілерді тіркеп сүйреу кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шартына (бұдан әрі – тіркеп сүйреу шарты) сәйкес жүзеге асырылады. Тіркеп сүйреу шарты жазбаша нысанда жасалады.

10. Тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші тіркеп сүйреуге қажетті дайындықты, оның техникалық жарақталуын, тіркеп сүйреу шартына сәйкес экипажбен жасақтауды қамтамасыз етеді.

11. Жөнелтуші тіркеп сүйреуді бастау алдында тіркеп сүйреушіге тіркеп сүйретілетін объектінің жүзуге жарамдылығы туралы куәлікті ұсынады.

12. Тіркеп сүйреуші тіркеп сүйреуге білікті экипажбен жасақталған, тіркеп сүйреуге техникалық тұрғыдан жарақталған және кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын тіркеп сүйрегiш к е м е н i ұ с ы н а д ы .

13. Тіркеп сүйрегiш кеме (сүйрегiш) өту маршруты бойынша түзетілген карталар жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Барлық кемелерде, оның ішінде тіркеп сүйретілетін кемеді, егер онда ілесіп жүрушілер болса, ультрақысқа толқынды – екі жақты радиобайланысы бар радиостанция болуы қажет.

14. Тіркеп сүйреу кезінде тіркеп сүйретілетін кемеді ұзындығы мен үзілмеу беріктігі бойынша негізгіге тең қосалқы сүйреу тросы болуы қажет.

15. Тіркеп сүйреу үдерісінде тіркеп сүйреуші ішкі су көлігіндегі қызметті регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, жүзу қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

16. Егер тіркеп сүйреу шартында өзгеше көзделмесе, тіркеп сүйреуші жол жағдайларына байланысты объектіні тіркеп сүйреу тәсілін (итеру немесе тіркеп сүйреу әдісімен) өз бетінше таңдайды.

17. Тіркеп сүйреу уақытындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тіркеп сүйреуші алдын ала сақтанудың және тіркеп

сүйретілетін объектіні сақтаудың барлық шараларын қабылдауы керек.

18. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тіркеп сүйреу объектісін қалдырған жағдайда тіркеп сүйреуші өзі қалдырған тіркеп сүйретілетін объектінің осы учаскедегі кеме қатынасына, осы аудандағы басқа да кемелерге қауіп және экологиялық ластану қаупін тудырмауы үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

19. Тіркеп сүйретілетін объектімен көлік оқиғасы болған жағдайда тіркеп сүйреуші жөнелтушімен бірлесіп, мұндай оқиғадан келтірілген залалды азайту және оның салдарларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4. Тіркеп сүйреу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу

20. Жөнелтуші тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреу үшін тіркеп сүйреушіге ұсынады және кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шартына сәйкес оған ақы төлейді.

21. Егер ішкі су жолдарының қиын учаскелері арқылы салдарды алып өту үшін тіркеп сүйреуші қосалқы кемелер ұсынған жағдайда, жөнелтушіден тіркеп сүйреу шартында айқындалған мөлшерде қосымша төлемақы алынады.

5. Тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсыну

22. Тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші тіркеп сүйреушіге оны тіркеп сүйреуге дейін қажетті уақытты есепке ала отырып, тіркеп сүйреу шартында көрсетілген мерзімде қарау үшін ұсынады. Тіркеп сүйретілетін объектіні тексеру үшін ұсыну уақыты жергілікті жер жағдайларын негізге ала отырып, тіркеп сүйреу шартында белгіленеді.

23. Тіркеп сүйреуші тіркеп сүйретілетін объектіні қабылдағанға дейін оны қарауды жүргізеді, тіркеп сүйреу үшін қажетті құжаттарды, тіркеп сүйретілетін объектінің жарағын (такелажын) және жабдығын, тіркеп сүйретілетін объектінің габаритін, тіркеп сүйретілетін объектінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидасына сәйкестігін, ал салдарға қатысты – салдарды қалыптастыру мен жарақтандырудың техникалық шарттарына сәйкестігін тексереді.

24. Тіркеп сүйреу шарты бойынша жолда тіркеп сүйретілетін объектіні басқару қажет болмаған, ал экипаждың тіркеп сүйретілетін объектіде болуы қиын немесе қауіпті болып табылатын жағдайда, шартта тіркеп сүйретілетін объектінің экипажын тіркеп сүйрегіш кемеде орналастыру көзделуі мүмкін.

6. Кеменің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің экипаж құрамына және тіркеп сүйреуді жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптар

25. Тіркеп сүйретілетін объектіні экипажбен және жолсеріктермен жасақтау тәртібі тіркеп сүйреу шартында айқындалады, бұл ретте кеменің жүзуге шығу күні оның экипажының саны кемінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Кеме экипажының ең аз құрамы туралы талаптарда белгіленген санды қ ұ р а й д ы .

26. Тіркеп сүйретілетін объект экипажының мүшелері кеме қатынасы қауіпсіздігін, тіркеп сүйретілетін объектінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде тіркеп сүйреушінің өкімдерін орындайды және тіркеп сүйретілетін объектімен болатын көлік оқиғаларының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды.

27. Тіркеп сүйреуші рейске шығу кезінде тіркеп сүйретілетін кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің экипажына немесе жолсеріктеріне кемедегі олардың құқықтары мен міндеттері, тәртіп және еңбек қорғау қағидалары туралы нұсқама жүргізеді.

28. Жүзу жолында тіркеп сүйрегіш экипажы, тіркеп сүйретілетін кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің жолсеріктері немесе экипаж мүшелері тіркеп сүйретілетін кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің жай-күйін бақылауды жүзеге асырады, қажет болған кезде корпусты судан тазартуды және сақталуын қамтамасыз етумен байланысты басқа да жұмыстарды орындайды, сондай-ақ әрбір жағалауға шығудан немесе түбінің топыраққа тиюінен кейін кемелер мен жүзу объектілерінің трюмдерін жүйелі тексеріп қарайды.

7. Тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелту, қабылдау және тапсыру

29. Салдарды жөнелтуші мыналарды жүзеге асырады:

- 1) салдарды қалыптастыру;
- 2) жөнелтуші мен тіркеп сүйреушінің арасында келісілген және тіркеп сүйреу шартының талаптарына сәйкес келетін көрсетілген мерзімде оларды тіркеп сүйреушімен алдын ала келісілген тіркеп сүйреу үшін ұсынылған жерлерге шығару;
- 3) жөнелту пункттерінде және салдардың тұру және қайта қалыптастыру пункттерінде айлақтық құрылғыларды жабдықтау;
- 4) салдардың көпір астынан, шлюздер және кеме қатынасы үшін басқа да

қиын ішкі су жолдарының учаскелері арқылы өтуі үшін жолда оларды қайта қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) салдарды қосалқы кемелермен қиын учаскелер арқылы алып өту;

6) жолдағы профилактикалық және авариялық жөндеу.

30. Тіркеп сүйреуші тіркеп сүйретілетін объектінің межелі пунктке келу уақыты туралы алушыны 24 сағаттан кешіктірмей, сондай-ақ тіркеп сүйретілетін объект келгенге дейін 6 сағат бұрын қайталап хабардар етеді.

31. Тіркеп сүйретілетін объектіні алушы тіркеп сүйреушіге тіркеп сүйретілетін объектіні қоятын орынды және оны қабылдау орнын көрсетеді, сондай-ақ тіркеп сүйретілетін объектіні қауіпсіз қоюды қамтамасыз етеді.

32. Тіркеп сүйретілетін объектінің межелі пунктке келуі бойынша тіркеп сүйреуші мен алушы бірлесіп, оны қарауды жүзеге асырады.

33. Егер тіркеп сүйретілетін объект межелі пунктке зақымдалған белгілерімен жеткізілген болса, тіркеп сүйреуші мен объектіні алушы тараптардың өкілдері бірлесіп немесе екі жақтың келісімі бойынша тәуелсіз бағалау ұйымын тарта отырып, зақымдануды қарау мен бағалауды жүргізеді де коммерциялық акт ж а с а й д ы .

34. Салдарға қатысты жасалған коммерциялық актіде тұғыр құрылғылары жасалған материалдардың санын көрсете отырып, жүкті тіркеп сүйреуге жарамды күйде келген тұғырлардың бірліктерін есептеу жүргізіледі.

35. Салдардың зақымдалған бірліктерінен жасалған материалдарды түпкілікті беру мен қабылдау судан жағалауға ауыстырған кезде немесе тіркеп сүйреуші мен алушы тараптардың өкілдерінің оларды суда қарауы жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

36. Осы Қағиданың 31, 32, 33, 34-тармақтарында көзделген іс-қимылдар тіркеп сүйреу аяқталған уақыттан бастап шартта көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

К е м е л е р д і , с а л д а р д ы ж әне
ө з г е д е жү з у о б ъ е к т і л е р і н
т і р к е п с ү й р е у қ а ғ и д а с ы н а
қосымша

_____ № _____ шартқа көлік

жүкқұжаты

Транспортная накладная

к договору № _____ от _____

Ж әне л т у	п у н к т і	М е ж е л і	п у н к т
Пункт отправления	_____	Пункт назначения	_____
Ж әне л т у ш і		А л у ш ы	

Отправитель _____				Получатель _____		
(толық атауы) (полное наименование)				(толық атауы) (полное наименование)		
Жөнелтушінің пошталық мекенжайы және деректемелері				Алушының пошталық мекенжайы және деректемелері		
Почтовый адрес и банковские реквизиты отправителя				Почтовый адрес и банковские реквизиты получателя		
_____				_____		
_____				_____		
Тіркеп сүйре-тілетін объектінің нөмірі (атауы) Номер (название) буксир-уемого объекта				Тарифтік белгілер Тарифные отметки		
Жөнелтушінің белгілеуі бойынша деректер Данные по определению отправителя				Тіркеп сүйреу қашықтығы (км) Расстояние буксировки (км)		
Габариттер (м) Габариты (м)		Көлем (текше м.) Объем (м.куб)	Салмақ (т) Вес (т)	Жол габариттері Габариты пути	Тіркеп сүйреушінің белгісі Отметка буксировщика	
Ұзындығы Длина _____ Ені Ширина _____ Шөгуі Осадка _____				Тереңдігі Глубина _____ Ені Ширина _____ Айналым R закругле-ния _____		

Салдың көлемі немесе кеменің су сиымдылығы

Объем плота или водоизмещение судна

(жазумен) (прописью)

Жинақталған салдағы және құрамдағы жүкқұжат №

№ накладных в сборном плоту или составе

1.Объектіні (салдың, кеменің және басқа объектілердің) дайындығы мен оның қауіпсіз жүзуі мен тіркеп сүйреуге жарамдылығы үшін _____ жауап береді (ұйымның атауы)	ТӨЛЕМДЕР : ПЛАТЕЖИ : 1. _____ № ____ шартқа сәйкес _____ (ж а з у м е н) сомада жөнелту пунктінде а л ы н д ы Взяты в пункте отправления согласно договора № ____ от _____ в _____ сумме
За подготовку объекта (плота, судна и др. объектов) и пригодность его для безопасного плавания и буксировки отвечает _____	

(наименование организации) 2.Тіркеп сүйретілетін объектідегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты		(прописью)
(Т.А.Ә., лауазымы) Ответственный за обеспечение безопасности на буксиреуемом объекте		2.Тіркеп сүйреу үдерісіндегі қосымша төлемдер Дополнительные платы в процессе буксировки
(ФИО, должность) 3.Қоса берілген құжаттар: Приложены документы: А) _____ Ә) _____ Б) _____ В) _____ Жөнелтуші: Отправитель: _____		3.Төлемдердің барлығы: Всего платежей: Алынған: _____ (жазумен) Получено: _____ _____ (прописью)
_____ (подпись, печать)		Қолы м . о . Подпись м.п.